№9 (489)
29 қыркүйек
2023 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



# Білімнің кілті — дарынды жастарда

"Қазақстанның болашағы — білімді ұрпақтың қолында! Жастарымыз келешекте Отанымызға адал қызмет етіп, оның дамуына үлес қосатынына кәміл сенемін!", — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйек — Білім күніне орай жолдаған құттықтауында. Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті 2023-2024 жаңа оқу жылында 4 мыңға жуық білім алушымен толықты. Олардың 1800-ден астамы мемлекеттік грант иегерлері.

Салтанатты жиында жас жұбановшыларға білім кілті табысталды. Білім кілтін табыс ету құрметіне белсенді жас, «Үздік студент» төсбелгісінің иегері Аманжол Ханиев ие болды. Ол Zhubanov University ұжымының жаңа мүшелеріне жоғары білім алу жолында табыс тіледі.

**Г.Қараша.**

## Осы санда

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ – ЗАМАН ТЫНЫСЫНА ЛАЙЫҚ



6-10 бб

УНИВЕРСИТЕТТІ ҚАТТЫ САҒЫНДЫМ



12-б

МИНИСТР ДӘРІС ОҚЫДЫ



16-б

# Басты жаңалықтар | Главные новости | Main news



## АСХАТ ШАХАРОВ — АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Асхат Шахаров Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ақтөбе облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Асхат Шахаров еңбек жолын 2000 жылы Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде Спорт пәндері кафедрасының аға оқытушысы болып бастаған. Жаңа әкімді жоғары лауазымымен құттықтаған Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова әлеуметтік парақшасында «Жұбанов ұжымы атынан Асхат Берлешұлы Шахаровты Ақтөбе облысы әкімі лауазымына тағайындалуымен құттықтаймын. Асхат Берлешұлы еңбек жолын біздің университетімізде оқытушы қызметінен бастаған болатын. Бұрын қала әкімі ретінде де оқу орнымен тығыз байланыс орнатып, университетіміздің өңір тынысындағы рөліне маңыз берді. Ынтымақтастығымыз одан әрі нығая түседі деп сенемін", — деп жазды.

Асхат Шахаров 1999 жылы Қазақ мемлекеттік туризм және спорт академиясын «Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы - спорт бойынша жаттықтырушы», 2002 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Халықаралық экономист» мамандығы бойынша бітірген.

2013 жылы РФ Президенті жанындағы Ресей Мемлекеттік қызмет және халық шаруашылығы академиясын тәмамдаған.

Асхат Шахаров экономика ғылымдарының кандидаты. Самбодан үш мәрте әлем чемпионы, екі дүркін әлем кубогының иегері, дзюдодан дүниежүзілік біріншіліктің қола жүлдегері, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері.

Ол бұған дейін 2020-2022 жылдары Ақтөбе қаласының әкімі, 2022 жылдан бастап Президент әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарып келді.

## АСХАТ ШАХАРОВ – АКИМ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Указом Главы государства Касым-Жомарта Токаева Асхат Шахаров назначен на должность акима Актюбинской области. Асхат Шахаров начал свою трудовую деятельность в 2000 году старшим преподавателем кафедры спорта Zhubanov University.



Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова поздравила нового акима с высокой должностью на своей странице в соцсети. «От имени коллектива университета поздравляю Асхата Берлешевича Шахарова с назначением на должность акима Актюбинской области. Асхат Берлешевич начал свою трудовую карьеру преподавателем в нашем университете. Ранее, будучи акимом города, он содействовал в установлении тесной связи с нашим учебным заведением, придавал большое значение роли вуза в жизни региона. Я верю, что наше сотрудничество будет укрепляться и дальше», - написала она.

В 1999 году Асхат Шахаров окончил Казахскую государственную академию туризма и спорта по специальности «Учитель физической культуры – спортивный тренер», в 2002 году Казахский экономический университет имени Т.Рыскулова по специальности «Международный экономист». В 2013 году окончил Российскую академию государственной службы и народного хозяйства при Президенте Российской Федерации.

Асхат Шахаров кандидат экономических наук. Трехкратный чемпион мира по самбо, двукратный обладатель Кубка мира, бронзовый призер чемпионата мира по дзюдо, заслуженный мастер спорта Республики Казахстан.

Ранее он в 2020-2022 годах занимал пост акима города Актобе, а с 2022 года работал в должности государственного инспектора администрации Президента.

## ASKHAT SHAKHAROV – AKIM OF AKTOBE REGION

By decree of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev, Askhat Shakharov was appointed to the post of akim of the Aktobe region. Askhat Shakharov began his career in 2000 as a senior lecturer at the Department of Sports at Zhubanov University.

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova congratulated the new akim on his high position on her page on the social network. "On behalf of the university staff, I congratulate Askhat Berleshevich Shakharov on his appointment to the post of akim of the Aktobe region. Askhat Berleshevich began his working career as a teacher at our university. Previously, as akim of the city, he helped establish close ties with our university and attached great importance to the role of the university in the life of the region. I believe that our cooperation will continue to strengthen," she wrote.

In 1999, Askhat Shakharov graduated from the Kazakh State Academy of Tourism and Sports with a degree in Physical Education Teacher - Sports Trainer, and in 2002 from the Kazakh Economic University named after T. Ryskulov with a degree in International Economist. In 2013 he graduated from the Russian Academy of Public Administration and National Economy under the President of the Russian Federation.

Previously, in 2020-2022 he served as akim of the city of Aktobe, and since 2022 he has worked as a state inspector of the Presidential Administration.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## ZHUBANOV UNIVERSITY ҰЖЫМЫ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТЫҢДАДЫ

2023 жылдың 1 қыркүйек күні ҚР Парламенті палаталарының біріккен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған кезекті «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын жариялады. Маңызды мәлімдемені Zhubanov University ұжым болып тыңдады деп жазды университет баспасөз қызметі.

Президент Жолдауында еліміздің экономикасын дамыту, өнеркәсіпті күшейту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру мәселелерімен қатар білім және ғылым саласындағы өзекті мәселелерге де тоқталып өтті.

Президент IT саласын дамыту бойынша жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалану білім экономикасына тың серпін беретінін атап өтті.

Сонымен қатар Президент сапалы орта білім алу — әрбір баланың мызғымас құқығы екендігіне тоқталды. «Мұндағы ең түйінді сөз — «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет», — деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы кадр тапшылығы өзекті мәселе екендігін айтып, бұл мәселені қолға алуды тапсырды. Бұдан өзге де Жолдауда бірқатар мәселелер көтеріліп, үкіметке түрлі тапсырмалар берілді.

Сөз соңында Президент Әділетті Қазақстанды құруда еліміздің әрбір азаматын қасиетті парызға адал болуға шақырды. «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ», — деген Президенттің Жолдаудағы сөздерін университет ұжымы ерекше ықыласпен қабылдады.

## КОЛЛЕКТИВ ZHUBANOV UNIVERSITY ЗАСЛУШАЛ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА

1 сентября 2023 года на совместном заседании палат Парламента Республики Казахстан Глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил с очередным Посланием народу Казахстана на тему «Экономический курс Справедливого Казахстана». В пресс-службе вуза написали, что в Zhubanov University оглашение стратегического документа выслушали всем коллективом.

В Послании Президент затронул вопросы развития экономики страны, укрепления промышленности, улучшения социального положения народа, а также актуальные вопросы в сфере образования и науки. Глава государства отметил, что полное использование возможностей искусственного интеллекта для развития IT-сектора придаст новый импульс экономике знаний.

При этом Президент подчеркнул, что качественное среднее образование — неотъемлемое право каждого ребенка. «Ключевое слово здесь — «качество». Поэтому необходимо повышать качество образования и повышать квалификацию учителей», — сказал Президент. Также Глава государства заявил, что нехватка кадров является острой проблемой и поручил заняться этим вопросом. Кроме того, в Послании был поднят ряд вопросов и даны различные поручения правительству. В завершение выступления Президент призвал каждого гражданина страны быть верным священному долгу создания справедливого Казахстана.

«Формирование нового качества нации имеет особое значение для нашей страны. Все граждане, особенно молодежь, должны воплощать в себе самые лучшие качества — из этого складывается единая система ценностей общества. Если каждый будет патриотичным, образованным, трудолюбивым, дисциплинированным, ответственным, справедливым, бережливым и отзывчивым, то для нас не будет недостижимых высот», — говорится в обращении. Слова Президента коллектив университета воспринял с большим энтузиазмом.

## THE ZHUBANOV UNIVERSITY TEAM HEARD THE PRESIDENT'S ADDRESS

On September 1, 2023, at a joint meeting of the chambers of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, Head of State Kassym-Jomart Tokayev delivered his next Address to the people of Kazakhstan on the topic "The Economic Course of a Fair Kazakhstan". The press service of the university wrote that at Zhubanov University the entire team listened to the announcement of the strategic document.

In the Message, the President touched upon the development of the country's economy, strengthening industry, improving the social situation of the people, as well as current issues in the field of education and science. The head of state noted that full use of the capabilities of artificial intelligence for the development of the IT sector will give a new impetus to the knowledge economy.

At the same time, the President emphasized that high-quality secondary education is the inalienable right of every child. "The key word here is "quality." Therefore, it is necessary to improve the quality of education and improve the qualifications of teachers," the President said. The Head of State also stated that the shortage of personnel is an acute problem and ordered that this issue be dealt with. In addition, the Address raised a number of issues and gave various instructions to the government. At the end of his speech, the President called on every citizen of the country to be faithful to the sacred duty of creating a just Kazakhstan.

"The formation of a new quality of the nation is of particular importance for our country. All citizens, especially young people, must embody the best qualities in themselves — this constitutes a unified value system of society. If everyone is patriotic, educated, hardworking, disciplined, responsible, fair, thrifty and responsive, then there will be no unattainable heights for us," the appeal says. The university staff received the President's words with great enthusiasm.

☑ Eurasian youth international forum




# Қазақстан жастары атынан қатыстым

2023 жылдың 18-23 қыркүйегі аралығында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының ұйымдастыруымен, Қытай Халық Республикасының Пекин және Сиань қалаларында Еуразия мемлекеттерінің ең үздік жас мамандарынан құралған жастар форумы өтті.

Еуразия Жастар форумына Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Армения, Молдава, Грузия және Беларусь елдерінің жастарынан өкілдер қатысты.

Мен Қазақстан Республикасының жас мамандары атынан қатысу мүмкіндігіне ие болдым.

Форумның алғашқы бөлімі Қытай астанасы Пекин қаласында ұйымдастырылды. Бұл жердегі маңызды кездесулеріміздің бірі Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрлігінде өткізілді. Шығыс Еуропа департаментінің кеңесшісі, Орталық Азия мемлекеттері бойынша ҚХР СІМ-нің кеңесшісі Вэн Мао мырзамен арнайы кездесу болды. Кездесуде Вэн Мао мырза делегация мүшелерін жылы лебізбен қарсы алып, Қытай мемлекеті мен Орта Азия мемлекеттері арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстар жайлы әңгімеледі. Кездесу барысында «Бір белдеу — бір жол» бағдарламасы аясында ҚХР даму қарқыны, көрші мемлекеттермен байланысы, мәдени алмасу деңгейі, жастарға қолдау көрсету мәселелері талқыланды.

Өз сөзімде мен қазіргі таңда Қазақстанда 5 Конфуций институты құрылып, қытай тілін үйрету, мәдени алмасу бағытында біршатар қызмет жасап келе жатқанын, Конфуций институты бүгінгі күні екі ел арасындағы достық көпіріне айналғанын, жыл сайын Конфуций институтының білім гранттары ұсынылып, ҚХР ЖОО-да білім алуға жағдай жасалып отырғанын айттым. Осылайша Қытай мемлекеті тарапынан екі елдің достық қарым-қатынасы жалғаса беретініне сенім білдіре ұсынысымды да білдірдім.

Бұл елде қазақ тілін үйрететін, қазақ мәдениеті мен тұрмысынан ақпарат беретін, әдебиеті мен тарихын оқытатын орталықтар көптеп ашылса деп тілек айттым.

ҚХР Сыртқы істер министрлігінің өкілдерімен кездесу ШЫҰ мемлекеттеріндегі жастар арасындағы достық қарым-қатынасқа тың серпін беріп, жаңа механизмдердің жасалуына жол ашты деп ойлаймын.

Еуразия мемлекеттерінің үздік жас мамандарынан құралған Жастар форумының ең маңызды, соңғы бөлімі Сиань қаласында үлкен масштабта өткізілген конференциямен жалғасты. Еуразия мен қытай жас мамандарынан құралған бұл конференцияда көптеген баяндамалар жасалып, диалогтар жүргізілді. Сиань қаласы мэрінің орынбасары Ли Цзин ханым шараның ашылуында сөз сөйлеп, конференцияның жоғары деңгейде өтуіне сәттілік тіледі. Жалпы конференцияда Еуразия мемлекеттерінің жас мамандары тарапынан 16, қытай тарапынан 10 қатысушы баяндамаларын оқып, пікір алмасты. Менің баяндамам "Қазақстан — Қытай: тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықтың үш онжылдығы" тақырыбын қамтыды. Сиань қаласының БАҚ өкілдері баяндамамды жергілікті газет, журнал беттеріне мақала ретінде жариялауға ұсыныс білдірді. Қазақстанның «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасы мен Қытайдың «Бір белдеу — бір жол» стратегиясы аясында екі жақты жаңа жобалар бүгінгі күні оң нәтижесін беруде. Қос стратегиялық жоба екі елдің арасындағы техника-экономикалық, сауда-бизнес, білім және ғылым, тіл мен мәдениет алмасу бағыттарында негізгі ынтымақтастық бастама. Біз қазақ жастары, осы жоба аясында аянбай еңбек етіп, қай сала болмасын өз мемлекетіміздің дамуына үлесімізді қосуымыз қажет.

Сиань қаласының телеарнасына берген сұқбатымда да осы туралы баяндадым.

ШЫҰ Жастар форумы — алуан түрлі салаларда ынтымақтастық орнатуға, тәжірибе алмасуға тамаша мүмкіндік берді. Алдағы уақытта осындай ауқымды шараны басқа мемлекеттерде өткізу жоспары қойылды. Бұл секілді шаралардың жастардың елдер арасындағы достыққа, ынтымақтастыққа біріге қызмет етуге жігерлендіретіні айқын.

**Дәулет Қантөреұлы**
**Zhubanov University**
**Конфуций институтының**
**Қазақстан тарапынан директоры**



## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## XIX АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ

Қытайдың Ханчжоу қаласында XIX Азия ойындары басталды. Оған Қазақстаннан 525 спортшы қатысып жатыр. Қазақстан спортшылары 30 спорт түрінен 305 медальді сарапқа салады. Қазақстан құрамасы Азия ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді.

«Қазақстан Ханчжоуға спорттың 30 түрінен 525 спортшыны жеткізді. Оның 27-сі Олимпиада бағдарламасына енген, қалған үшеуі олимпиадалық емес спорт түрлері. Сонымен қатар, алдағы жарыста олар Париж Олимпиадасына жолдама алады. 8 спорт түрі бойынша. Олар: бокс, садақ ату, заманауи бессайыс, жүзу, брейк, допты хоккей, теннис және жеңіл атлетика. Спорттың 4 түрінен рейтингтік ұпайлар ойынына қатысады. Олар: тхэквондо, дзюдо, триатлон, бадминтон», — делінген ҚР Туризм және спорт министрлігінің ресми мәлімдемесінде.




Сонымен қатар, Азия ойындарында жүлделі орын алған спортшылар мен олардың жаттықтырушылары ақшалай ынталандыруға ие болады. Атап айтқанда, Азия ойындарының чемпионы атанған спортшы 10 мың АҚШ доллары көлемінде ақшалай сыйақы алады. Ал алтын медаль иегерін жарысқа дайындаған бапкерге — 5 мың АҚШ доллары беріледі. Құрлық біріншілігінің күміс жүлдегері 5 мың АҚШ доллары, бапкері 3 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы алады. Сондай-ақ қола медаль жеңіп алған командалық спортшыға 3 мың АҚШ доллары көлемінде ақшалай ынталандыру және оның жаттықтырушысы үшін 2 мың доллар сыйақы қарастырылған.

XIX Азия ойындарының ашылу салтанаты 23 қыркүйекте Олимпиадалық спорт орталығының стадионында өтті. Жарысқа құрлықтың 45 елінен 15 мыңнан астам спортшы қатысуда.

Азия ойындарында бақ сынап жатқан гандболдан ерлер командасы құрамында Zhubanov University оқытушысы, спорт шебері Константин Миляев бар.

## XIX АЗИАТСКИЕ ИГРЫ

В китайском Ханчжоу стартовали XIX Азиатские игры. В них принимают участие 525 спортсменов из Казахстана. Они поборются за 305 медалей в 30 видах спорта. Наша сборная участвует в Азиатских играх с 1994 года.

«Национальная сборная Казахстана в составе 525 человек, примет участие в 30 видах спорта. 27 из них включены в олимпийскую программу, остальные три - неолимпийские виды спорта. Кроме того, на предстоящих соревнованиях будут разыграны лицензии на парижскую Олимпиаду по 8 видам спорта: бокс, стрельба из лука, современное пятиборье, плавание, брейкинг, хоккей на траве, теннис и легкая атлетика. Также будут разыграны рейтинговые очки по 4 видам спорта. Это: тхэквондо, дзюдо, триатлон, бадминтон», - говорится в официальном сообщении Министерства туризма и спорта РК.

Кроме того, спортсмены и их тренеры, завоевавшие медали на Азиатских играх, получат денежное поощрение. В частности, спортсмен, ставший чемпионом Азиатских игр, получит денежное вознаграждение в размере 10 000 долларов США. А тренеру, подготовившему к соревнованиям золотого медалиста - 5 000 долларов США. Серебряный призер континентального первенства получит 5000 долларов США, а тренер – 3000 долларов США. Также предусмотрено денежное вознаграждение в размере 3000 долларов США для спортсмена команды, завоевавшего бронзовую медаль, и 2000 долларов США для его тренера.



Церемония открытия XIX Азиатских игр прошла 23 сентября на стадионе Олимпийского спортивного центра. В соревнованиях принимают участие более 15 тысяч спортсменов из 45 стран континента.

В состав мужской сборной по гандболу, выступающей на Азиатских играх, входит преподаватель Zhubanov University, мастер спорта Константин Миляев.

## XIX ASIAN GAMES

The 19th Asian Games started in Hangzhou, China. 525 athletes from Kazakhstan take part in them. They will compete for 305 medals in 30 sports. Our team has been participating in the Asian Games since 1994.

“The national team of Kazakhstan, consisting of 525 people, will take part in 30 sports. 27 of them are included in the Olympic program, the remaining three are non-Olympic sports. In addition, at the upcoming competitions licenses for the Paris Olympics will be played for 8 sports: boxing, archery, modern pentathlon, swimming, breaking, field hockey, tennis and athletics. Rating points will also be awarded for 4 sports: taekwondo, jud oh, triathlon, badminton,” says the official statement of the Ministry of Tourism and Sports of the Republic of Kazakhstan.

In addition, athletes and their coaches who won medals at the Asian Games will receive monetary incentives. In particular, the athlete who becomes the champion of the Asian Games will receive a cash reward in the amount of 10,000 US dollars. And the coach who prepared the gold medalist for the competition - 5,000 US dollars. The silver medalist of the continental championship will receive 5,000 US dollars, and the coach will receive 3,000 US dollars. There is also a cash reward of $3,000 for the team athlete who wins the bronze medal and $2,000 for his coach.

The opening ceremony of the XIX Asian Games took place on September 23 at the stadium of the Olympic Sports Center. More than 15 thousand athletes from 45 countries of the continent take part in the competition.

The men’s handball team competing at the Asian Games includes Zhubanov University teacher, master of sports Konstantin Milyaev.




# ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ – НАШИ ВЫПУСКНИКИ ПРЕСТИЖНЫЕ ПОЗИЦИИ

**В целях развития высшего профессионального образования, повышения уровня подготовки высококвалифицированных специалистов в области экономики и юриспруденции в Zhubanov University в 1992 году был открыт «Экономический факультет», а в 2001 году – «Юридический факультет». В результате объединения экономического и юридического факультетов приказом ректора Zhubanov University № 348-н от 1 сентября 2014 года создан «Институт экономики и права».**

**С мая 2017 года «Институт экономики и права» реорганизован в факультет «Экономики и права».**

**Деканом факультета является кандидат экономических наук, доцент Таскарина Багдагуль Мергенбаевна. Багдагуль Мергенбаевна известный финансовый эксперт в Актобе, ученый-пдагог имеет более 40 научных публикаций.**



**— Новый учебный год по традиции в Казахстане начинается с Послания главы государства народу. В этом году Касым-Жомарт Токаев посвятил стратегический документ новому экономическому курсу страны. Как экономист-ученый, что из предложенного президентом взяли на свой карандаш, какие сильные решения можете подчеркнуть?**

— Как эксперт в области финансовых рынков, хочу отметить, что сегодня одной из основных проблем банковской сферы является ее высокая концентрация. В Казахстане на сегодня функционирует 21 банковское учреждение. При этом на сегменте корпоративного кредитования работают всего лишь несколько крупных банков. По-моему мнению, в данный сегмент кредитования в целях усиления и совершенствования конкуренции необходимо привлечь в страну зарубежные банки.

Следующая приоритетная задача в области развития казахстанского финансового рынка – развитие фондового рынка. В настоящее время в Казахстане функционируют 2 фондовые биржи, которые во многом дублируют друг друга. Для казахстанской финансовой системы это избыточно. На мой взгляд, в целях исключения дубляжа эффективнее будет их объединение.

Очень актуальным финансовым вопросом остается качественная устойчивость платежных систем. В 2022 году НБ РК запустил первый компонент Национальной платежной системы – Систему мгновенных платежей, которая на сегодня работает в неполном режиме. Нужно до конца завершить процесс полноценного внедрения Национальной платежной системы.

**— Реформирование высшего образования в последние годы постоянно совершенствуется. Какие академические задачи стоят на сегодняшний день перед факультетом?**

— Академические задачи, стоящие перед факультетом, направлены на продолжение системной широкомасштабной работы по обеспечению качества профессионального образования. Главные направления деятельности, определены в Стратегическом плане развития университета на 2019—2024 гг. Основными из них являются:

1. Повышения участия преподавателей факультета в научных исследованиях, выход на современные научные позиции. Развитие исследовательских программ. Одним из ключевых показателей результативности научной деятельности в нашей стране на протяжении ряда лет является публикационная активность в журналах Web of Science и Scopus.

2. Развитие программы академической мобильности студентов как внутри Казахстана, так и международной мобильности.

3. Увеличение иностранных студентов. Для приема иностранных студентов у нас есть потенциал. Поэтому нельзя ограничиваться только одним регионом, нужно стремиться к большему.

4. Тесное сотрудничество с работодателями. При организации образовательной деятельности мы всегда ориентировались на запросы работодателей относительно компетенций наших выпускников, что существенно повышало конкурентоспособность последних на рынке труда, ведь оценка конкурентных преимуществ исходит в первую очередь от работодателя.

5. Привлечение к образовательному процессу практических работников сфер реальной экономики, увеличение количества учебной литературы на электронных носителях, продолжение повышения квалификации профессорско-преподавательского состава факультета и т. д.

6. Развитие международных связей, участие в международных проектах, стажировках, обмен студентами и преподавателями может обогатить образовательный процесс и расширить горизонты студентов.

На сегодняшний день образовательные задачи перед факультетом экономики и права могут включать в себя следующие аспекты:

1. Актуальность программ обучения: Факультет может стараться обеспечить актуальность своих образовательных программ, учитывая изменения в законодательстве, технологические инновации и требования рынка труда.

2. Обеспечения качества в обучении с использованием передовых технологий: Интеграция современных методов обучения, включая использование технологий и интерактивных методов, помогает более эффективно передавать знания.

3. Подготовка карьерных специалистов: Акцент на подготовке студентов к успешному вхождению на рынок труда, в том числе путем предоставления стажировок, курсов практической подготовки и поддержки в трудоустройстве.

Эти задачи помогают факультету не только соответствовать современным стандартам образования, но и эффективно готовить студентов к вызовам современного общества.

**— Ваше мнение относительно перспектив юридического образования.**

— В общем, успешные юридические системы обеспечивают стабильность и защиту прав граждан. Важно, чтобы образование отвечало современным требованиям, включая новейшие изменения в законодательстве и технологические инновации. Развитие юридического образования может способствовать эффективности правосудия и правопорядка в стране.

Перспективы специальности юриспруденция могут быть разнообразными и зависят от множества факторов, включая региональные особенности, экономическую обстановку, изменения в законодательстве и социальные тенденции. В целом, юридическое образование предоставляет базовые навыки, которые востребованы в различных сферах, таких как правоохранительные органы, частная практика, корпорации, государственные учреждения и другие.

Тем не менее, конкуренция на рынке труда может быть высокой, и успех в данной области часто зависит от комбинации знаний, профессиональных навыков и сети контактов. Важно также учитывать текущие тенденции в юридической сфере, такие как автоматизация некоторых задач, влияние технологий и изменения в глобальной экономике.

Конечно, квалифицированные юристы будут востребованы всегда. Особенно это касается пра-

# ЗАМАН ТЫНЫСЫНА ЛАЙЫҚ

воохранительной системы. Будут безусловно востребованы квалифицированные адвокаты и юрисконсульты. Плюс к этому юристы всегда будут востребованы и в других сферах, в том числе в сфере управления. Однако начавшийся процесс роботизации в сфере юриспруденции заставляет корректировать направления развития юридического образования и юридической науки в целом.

**— У вас есть знаменитые выпускники? Есть ли с ними связь и сотрудничество?**

— Многие наши выпускники занимают престижные позиции в государственном управлении, финансовых организациях, корпорациях и в органах правоохранительной системы. Например, Байнаков Р.Г. — Заместитель председателя правления АО «Национальное агентство по технологическому развитию», Курганбаева Г. А. — к.э.н., MPA, аналитик, Раев Н.Т. — член Совета директоров - независимый директор АО «НК «СПК

# ЗАНИМАЮТ В РАЗЛИЧНЫХ СФЕРАХ

«Astana», Булатбаев Н.Н. — Заместитель Председателя Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК, Бекбауова Д.Б. — директор региональной Палаты Атамекен, Данагулов Е.Ж. — руководитель регионального общественного штаба кандидатов в Мажилис Парламента РК и маслихатов всех уровней», Ермаганбетов Д.Ж. — аким Мугалжарского района, Шункеева А.К. — директор Актюбинского филиала АО «Банк центр кредита», Куватчанова А.Т. — директор Актюбинского филиала АО «Jusan bank», Таскарин А.Е. — директор Туркестанского филиала АО «Народный Банк Казахстана», Абилгазина А. Ж. — судья специализированного межрайонного административного суда Актюбинской области, Ешмағанбетов Б.А. — прокурор Кобдинского района и др. Выпускники факультета вовлекаются в учебный процесс, проведение занятий студентам (Куватчанова А.Т. — директор Актюбинского филиала АО «Jusan bank»), разработчиками образовательных программ (ОП), руководители производственной практики у студентов, часто приглашаются на круглые столы и гостевые лекции, work shop и т.д. В рамках мероприятий, посвященных 30-летию факультета, в 2022 году выпускники оказали содействие в модернизации студенческого коворкинг центра и учебной аудитории.

**— Что на факультете делается для того, чтобы студенческая жизнь была более интересной и разнообразной?**

— На факультете предпринимаются различные меры для того, чтобы сделать студенческую жизнь более интересной и разнообразной. Это может включать в себя организацию студенческих клубов и ассоциаций, проведение мероприятий, таких как семинары, лекции, конференции и культурные мероприятия. В настоящее время на факультете функционируют следующие студенческие организации способствующие развитию личностных качеств, лидерских навыков и творческих способностей студентов: E-media, Econlaw futsal league, «Sanaly Urpaq» облыстық фронт офис, «Zhubanov_zhyluy» волонтерский клуб, "Заман біздікі" дебатный клуб, «bigfam. dance» танцевальный клуб. Студенческие коллективы систематически принимают участие в городских, республиканских конкурсах и мероприятиях, часто занимая призовые места.

Также факультет часто поддерживают участие студентов в конкурсах, международных обменах, стажировках и практических занятиях. Создание платформы для обмена идеями, обсуждения актуальных вопросов и развития профессиональных навыков может значительно обогатить опыт студентов.

Факультет может также поддерживать студенческие инициативы, предоставлять ресурсы для самообразования и содействовать развитию лидерских качеств. Все эти элементы в совокупности способствуют более насыщенной и обогащенной студенческой жизни.

**— В конце нашей встречи хотела бы у Вас спросить о вашем трудовом пути, как он сложился?**

— Трудовую деятельность начала в университете с осени 1998 года, когда я после окончания Оренбургского государственного аграрного университета была принята на экономический факультет в должности преподавателя кафедры «Экономики и управления». В 2006 году защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата экономических наук в КазНИИ экономики АПК и развития сельских территорий. С 2008-2020 году работала в должности заведующей кафедрой «Финансы и банковское дело». С января 2020 года по настоящее время занимаю должность декана факультета.

**Беседу вела**
**Гульнара Караша**



**Мекенжайы:**
**Ақтөбе қаласы**
**Алтынсарин көшесі, 4**
**Деканат кабинеті №211**
**E-mail: facultetekonomikilprava@mail.ru**
**Сайт: http://ef.arsu.kz/**
**Facebook: Экономика-құқық Факультеті Жұбанов университеті**
**Instagram:**
**@zhubanov_econlaw**
**@zhubanov_law**
**@zhubanov_econom_management**
**@mbqm_ zhubanov**

## ZHUBANOV UNIVERSITY ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Жоғары кәсіптік білімді дамыту, экономика және құқықтану саласында жоғары білікті кадрларды даярлау деңгейін арттыру мақсатында 1992 жылы университетте экономика факультеті, 2001 жылы заң факультеті ашылды. 2014 жылғы 1 қыркүйектегі №348-н ректор бұйрығымен экономика және заң факультеттерін біріктіру нәтижесінде «Экономика және құқық институты» құрылды. 2017 жылдың мамыр айынан бастап Экономика және құқық институты экономика және құқық факультеті болып қайта құрылды.

Контингент 1395: бакалавриат — 1323, магистратура — 68 , докторантура — 4 .

Кафедралар:

1. «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг»
2. «Құқықтану»
3. «Экономика және менеджмент»

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

**Бакалавриат**

| | |
|---|---|
| 6в04201 | Құқықтану |
| 6В04202 | Құқық және құқық қорғау қызметі |
| 6В04203 | Құқық және бизнес |
| 6В04103 | Есеп және аудит |
| 6в04104 | Қаржы |
| 6В04105 | Мемлекеттік және жергілікті басқару |
| 6В04101 | Экономика |
| 6В04102 | Менеджмент |
| 6В04108 | Бизнесті басқару |

**Магистратура**

| | |
|---|---|
| 7М04201 | Құқықтану |
| 7М04104 | Қаржы |
| 7М04105 | Мемлекеттік және жергілікті басқару |
| 7м04106 | Маркетинг |
| 7М04121 | Сандық маркетинг |
| 7М04101 | Экономика |
| 7м04102 | Менеджмент |
| 7М04108 | Іскерлік әкімшілік жүргізу |

**Докторантура**

**8D04101-Экономика**

Студенттерді экономикалық және құқықтық білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды факультеттің 72 оқытушыдан тұратын профессорлық-оқытушылар құрамы жүзеге асырады, оның ішінде:

1 — ғылым докторы, профессор;
17 — ғылым кандидаттары;
6 — Ph.D. докторы;
48 — ғылым магистрі.

Факультет деканы: Таскарина Багдагуль Мергенбаевна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Faculties

Special pages
Арнайы беттер

# ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ –

**Экономика және құқық факультетіндегі Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Ахметова Гулистан Ивановна іскер басшы. Бұл лауазымға тағайындалғалы көп жылдар болмаса да, жауапты міндетіне барлық білімі мен тәжірибесін салып, нәтижелі жұмыс атқаруда.**

**Сұқбат жүргізуші Гүлнара Қараша**

# БІЗ ДАЯРЛАЙТЫН МАМАНДЫҚТАРҒА ТАҢДАУ КӨП



**— Ақтөбе өңірінде экономика саласына маман даярлау қазір сіз басқаратын кафедрадан негіз алған екен. Кафедраның құрылу тарихына бір көз жүгіртіп алсақ.**

— Қазіргі «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасы бірнеше кафедраларды («Мемлекеттік басқару және маркетинг", «Қаржы және банк ісі», «Есеп және аудит» кафедраларын) біріктіру негізінде 2019 жылы құрылған. Оның іргетасының қалану тарихы тереңнен басталатын 1966 жылы құрылған «Экономикалық теория» кафедрасымен тікелей байланысты.

Елдегі экономикалық, саяси, білім беру салаларындағы реформаларға байланысты кафедра атауы бірнеше рет өзгеріп, қайта құрылды. Ол 1973 жылы "Кеңестер Одағының коммунистік партиясы (КОКП) және саяси экономика тарихы" деген атаумен жұмыс жасады. Кафедраны бастапқыда тарих ғылымдарының кандидаты Н.Т.Володина, кейіннен тарих ғылымдарының кандидаттары А.П.Ермолин, В.С.Щербаков басқарды.

Кафедра құрамынан 1982 жылы э.ғ.к., доцент Е.К.Беккалиев жетекшілік ететін "Саяси экономия" кафедрасы дербес бөлініп шықты. Кафедраның құрамында алғашқы болып э.ғ.к., доценттер Комягин Б.И., Байжомартов У.С., Крючко Н.С., Жунусов Б.А., аға оқытушылар Ниязов Р.К., Станевич С.Л., Утегенов Б.И., Мамбетов У.Е., Князова Г.Ж. жұмыс жасады.

Ел экономикасында нарықтық қатынастарының белең алуы экономика саласында маман даярлау, соның ішінде аймақ экономикасын жаңа кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін алға қойды. Мәселені шешудің негізгі жолдарының бірі деп танылып, сол кезеңде институт құрамында экономика факультеті құрылған болатын. Бұл шешім экономикалық мамандықта білім алатын студенттер контингентінің артуымен де байланысты болды. Осылайша, 1992 жылдың мамырынан 1995 жылдың желтоқсанына дейін кафедра "Экономика және менеджмент" деген атауда жұмыс жасады. Кафедраны э.ғ.к. Н.В.Ювица басқарды.

1996 жылдың қаңтар айында кафедра "Жалпы және нарықтық экономика" кафедрасы болып өзгертіліп, оған э.ғ.к., доцент Байжомартов У.С. меңгеруші болып тағайындалды.

1997 жылдың 24 ақпанынан бастап экономикалық мамандықтарға сұраныстың артуына, соған сәйкес студенттер санының көбеюіне байланысты факультетте құрылымдық өзгерістер жасалып, жаңа "Экономикалық теория негіздері" кафедрасы құрылды, меңгеруші — доцент Мамбетов У.Е. болды.

Кафедра атауы 2002 жылы "Экономикалық теория" болып өзгертілді.

2004 жылдың шілде айында университет құрамынан педагогикалық мамандықтардың бөлініп, дербес педагогикалық институттың құрылуына байланысты, кафедра құрамындағы бірқатар экономист-мамандар институт жанынан құрылған кафедраға ауыстырылды.

2004 жылдың қыркүйек айында "Экономикалық теория" кафедрасын э.ғ.д., профессор Карамурзиев Т.К., 2005 жылдың 15 ақпанынан бастап э.ғ.к., профессор Жунусов Б.А. басқарды.

Кафедраның кадрлық құрамы экономика факультетінің үздік түлектерімен толықтырылды, ғылыми дәрежені көтеру үшін жас оқытушылар (Жакупова Б.А., Балгинова Қ.М., Есберген Р.Ә.,Тасмағанбетов А.Б., Құлымжанов М.Қ., Нұрманов А.О., Аглешов Қ.Е.) аспирантураға жіберілді. Олар кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап, кафедрадағы қызметтерін жалғастырды.

2008 жылы "Экономикалық теория" кафедрасын э.ғ.к., доцент Молдабекова А.И. басқарды. Кафедра 2009-2010 оқу жылы "Экономикалық теория және мемлекеттік басқару" кафедрасы деген атаумен жұмыс жасайды.

2010-2011 оқу жылының қыркүйек айында "Экономикалық теория және мемлекеттік басқару", "Маркетинг" кафедралары біріктіріліп, "Мемлекеттік басқару және маркетинг"кафедрасы құрылады, оған әр жылдары э.ғ.к., доцент Есберген Р.Ә., э.ғ.к., доцент Басшиева Ж.К., Ph.D. докторы Сайымова М.Д. жетекшілік етті.

Қазіргі «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының құрамына енген «Қаржы және банк ісі» (кафедра меңгерушісі — э.ғ.д., профессор Карамурзиев Т.К.) және «Есеп және аудит» (кафедра меңгерушісі — э.ғ.к., доцент Тусупбекова Р.С.) кафедралары 2000 жылдың қыркүйек айында құрылды.

«Қаржы және банк ісі» кафедрасын 2001-2008 жылдары техника ғылымдарының кандидаты, доцент С.И.Мендалиева, 2008-2015 жж. экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Таскарина Б.М. басқарды.

2015 жылы «Қаржы және банк ісі», «Есеп және аудит» кафедралары біріктіріліп, «Қаржы және есеп» кафедрасы атауына ие болды (кафедра меңгерушісі — э.ғ.к., доцент Б.М.Таскарина).

2018-2019 оқу жылының соңында «Мемлекеттік басқару және маркетинг», «Қаржы және есеп» кафедралары біріктірілді, ол осы уақытқа дейін «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасы деген атаумен жұмыс жасап келеді.

**— Кафедра даярлайтын мамандықтар ішінде маркетинг пен менеджмент бүгінде көп салаға қажет. Соның арасында білім беру саласына да. Оған бейімділік кафедра меңгерушісі ретінде сізге де керек. Профессор-оқытушылық құрамға шебер жетекшілік ету, талапкерлерді мамандыққа тарту, қызықтыру деген сияқты. Сұрағыма жауап кафедра ұжымының жоғары әлеуеті, білім алушылардың саны мен сапасы туралы мәліметтер болуы тиіс деп ойлаймын...**

— Адам бір сатыда тұрып қалуға тиісті емес. Әрине ол үнемі ізденісте, еңбек үстінде болуы керек. 2008 жылы кандидаттық диссертациямды қорғап, осы университетке аға оқытушылық қызметке келдім. 2019 жылы кафедра меңгерушілік қызметіне тағайындалдым. Шағын бір ұжымды ұйытып ұстап тұру үшін кафедра меңгерушісіне жүктелер міндет те жоғары. Осы жоғары міндеттің биігінен көріну үлкен жауапкершілікті талап ететіні де рас. Қарамағындағыларға талап қоя білумен қатар, өзің де сол үрдістен шығатындай іс-әрекетімен үлгі бола білу — мен үшін басты ұстанымдардың бірі. Ұжымды басқаруда жоғары жауапкершілік, өз әрекетінде істі аяғына дейін жеткізуге деген ұмтылыс, мақсатқа жетуге деген табандылық, өз жұмысын адал атқару, мәселелерді шешудегі сенімділік, өзгелерге жол көрсетіп, үлгі бола білу — басқарудағы басты қасиеттер деп есептеймін. Осы қасиеттерге сай болу үлкен тәжірибе мен еңбекті, біліктілікті қажет етеді.

Ұжымда 30 қызметкер болса, отыз түрлі ой, мінез, көзқарас болатыны сөзсіз. Басшының жиынтық қызметі іс жүзінде жалпы кафедра қызметінің сәттілігін немесе сәтсіздігін анықтайды. Осы орайда ұжымдық еңбек процесін орнатуда да менеджменттің рөлі өте зор. Қазіргі заманғы менеджменттің күші, бір жағынан, адамның білімін, тәжірибесін және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін өнімді күшке, ал екінші жағынан — инновациялық процестерді бастайтын қызметкерлердің ақпараттық әлеуетін арттыруға ықпал ететін ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндік береді және оқу үрдісінде жалғасын табады. Осыған орай университеттің қолдауымен, ұйымдастыруымен басшыларға арналған арнайы курстар мен тренингтерден өту өз пайдасын тигізді, сондай-ақ ПОҚ үшін жүйелі түрде кәсіби құзыреттілікті шыңдау, арттыру мақсатында ұйымдастырылатын түрлі форматтағы шараларды айтуымызға болады.

Сонымен қатар ПОҚ-ның үлкен жауапкершілікті сезініп, көбіне-көп ғылыми жұмыспен айналысуды алдына мұрат етіп қойғанын да көргім келеді. Өйткені жоғары оқу орынында жай оқытушы болу жеткіліксіз. Мұндағы оқу және оқыту процесі күрделірек. Білім қуып келген жастарды өз саласының білікті маманы етіп шығару үшін терең білімділіктің, ғылыми кеңістіктің кеңдігін талап етеді. Айналып келгенде, ғылымда атқарылған іс те, жас ұрпақ тәрбиелеу жолындағы ұстаздық қызмет те білімді, білікті ғалымдарымызды ғылым мен азаматтықтың биігіне көтерді. Ал, мамандықты таңдап, алдыңа келіп отырған білім алушыны 4 жыл ішінде толық қалыптасқан тұлға ретінде шығару, білікті маман ретінде нарыққа ұсыну — біздің міндетіміз.

Білім беру саласының бір кепілі, ол оқу орындарының материалдық-техникалық жағдайына байланысты екені белгілі. Өткен оқу жылы университет ұжымының тікелей қолдауымен қазіргі заманауи лабораториялық жабдықтармен жаңғыртылған кабинеттер ашылғанын тілге тиек ретінде айтқым келеді. Бұл да біздің болашақ мамандарымыздың кәсіби құзыреттілігін шыңдауда, сапалы білім алуына бір бағыты десек те болады.

Әрқашан аймақта біз секілді ББ бойынша маман шығаратын ЖОО арасында трендте болуға және кафедра бағдарламаларына қызығушылық танытқан талапкерлерге сапалы қызмет көрсету үшін жұмыс жасаймыз. Ең алдымен талапкерлердің мамандық таңдауын анықтауға көмектесетін оқуға түсу бойынша қолжетімді ақпараттармен қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатта талапкерлер үшін ашық есік күндерін өткіземіз, консультациялық көмек көрсетеміз, университеттің ұйымдастыруымен қалалық, аудандық мектептерге барамыз, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде өткізіп отырамыз. ПОҚ арасында кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу үшін кесте құрылып, сол кесте бойынша мектеп оқушыларымен түрлі кездесулер онлайн және офлайн форматында жүйелі түрде жүргізу қолға алынған. Жыл сайын 11 класс оқушылары үшін факультетімізде ғылыми жобалар байқауы өтеді.

# ЗАМАН ТЫНЫСЫНА ЛАЙЫҚ

Ғылыми жобалар байқауының негізгі мақсаты — Қазақстанда бәсекелі және инновациялық нарықтық ортаны дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде үздіксіз экономикалық білім жөнінде қарқынды оң қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында білім алушыларды біріктіру, кәсіби-іскерлік қатынастар орнату, сондай-ақ университетімізге дарынды мектеп түлектерін тарту. Университеміздің Қабылдау және кәсіби-бағдар беру бөлімінің ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының арасында түлектерді университетімізге кәсіби бағыттау мақсатында Zhubanov олимпиадасы ұйымдастырылады. Жалпы, олимпиадаға тек қана Ақтөбе облысы емес, сонымен қатар, Атырау, Қызылорда облыстарынан да оқушылар келіп өз бақтарын сынайды.

Нәтижесінде 2021 және 2022 жылғы талапкерлер ішінде жүлделі орын алғанғандар қазіргі таңда кафедрамызда таңдаған мамандықтары бойынша оқып жатыр.

Осындай шараларды жүйелі түрде өткізудің негізінде талапкерлер мамандық таңдауда қателеспейді. Олардың таңдауларының кафедрамызда даярланатын мамандықтарға жиі түсуі біздің ББ нарықта сұранысы бар екенін дәлелдей түседі. Біз даярлайтын мамандықтарға таңдау көп. Қазіргі таңда білім алушылармыздың саны — 497. ББ бойынша биыл қабылданған 1 курстар саны — 122, оның ішінде Алтын белгі иегерлерінің саны — 3.

**— Кафедрадағы ғылыми-педагогикалық және академиялық ұтқырлық бағытындағы жұмыстарға жеке тоқталсаңыз.**

— «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасында 3 білім бағдарламасы бакалавриат деңгейінде, 3 білім бағдарламасы магистратура бойынша академиялық қызметін жүзеге асырады. Олар 6В04104 — Қаржы, 6В04103 — Есеп және аудит, 6В04105 — Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ бойынша бакалавр және 7М04106 — Маркетинг, 7М04412 — Цифрлық маркетинг, 7М04105 — Мемлекеттік және жергілікті басқару, 7М04104 — Қаржы ББ бойынша магистратура түлектерін шығарушы кафедра болып табылады.

Ағымдағы оқу жылындағы кафедрадағы ПОҚ саны — 32. Оның ішінде, қосымша қызметтегі оқытушылар — 2, штаттан тыс қызметтегі оқытушылар — 4 практик-маман, штатта қызмет ететіндер саны — 26, оның ішінде 1 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаты, 2 Ph.D. доктор, 14 магистр қызмет етеді.

Мемлекеттік басқару, қаржы салаларына мамандарды сапалы даярлау үшін келесідей ұйымдарда кафедра филиалдары құрылып, қызмет жасауда: «First Heartland Jusan Bank» АҚ; «Ақсай кәсіби қаржы менеджерлері институты» ЖШС; «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы; ҚР қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. Бұл аталмыш филиалдарымыздың мамандары кафедрамызда практик-маман ретінде дуалдық элемент жүйесі негізінде практикалық сабақтар мен дәрістер өткізеді.

Биылғы оқу жылында алыс және жақын шетелден жоғары оқу орындарынан кафедрамызға 2 профессор дәріс оқуға шақырылып, қазіргі уақытта білім алушыларымыз олардың дәрісін тыңдауда. Олар: Ұлыбританиядағы Ниттингем университетінің профессоры, Ph.D. М.А. Каратаев және РФ Үкіметі жанындағы Қаржылық университет профессоры, Ph.D. Ш.У. Ниязбекова.

Кафедрамыздың 9 оқытушысы алдағы уақыттарда халықаралық гранттық бағдарламаларға қатысу үшін тілдік деңгейін көтеру мақсатында университетімізде ұйымдастырылған тілдік оқу курстарынан білім алды. Оқытушылар ағымдағы оқу жылында да тілдік курстарын жалғастырмақшы. Оның нәтижесінен ПОҚ әлеуетін көтеруде үлкен үміт күтеміз.

2022 жылы қауымдастырылған профессор, Ph.D. Саимова М.Д. «ЖОО үздік оқытушысы — 2022» мемлекеттік грантына ие болды. Кафедрадағы ғалымдарымыздың халықаралық Scopus және Web of Science базасында жарияланған мақалалар саны — 23. Осы базалар бойынша Хирша индексі бар ғалымдардың саны — 13.

Студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында республикалық пәндік олимпиадаларға дайындап, ғылыми жобалар байқауынан да облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде жүлделі орын-дарға ие болуда ең үздік нәтижелі ұстаздар санатынан көрініп жүрген оқытушыларымыз да баршылық. Олардың қатарында Ph.D., қауымдастырылған профессор Саимова М.Д., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Иманбаева З.Ө, магистр, аға оқытушылар Игильманова С.И., Бимбетова Б.С., Ажаипова И.Ш.

Кафедраның ПОҚ мен білім алушылар үшін сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға көп көңіл бөлінеді. Аталған мақсаттарды іске асыруда нақ осындай жұмысты жүзеге асыратын басқа жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық нұсқалары қарастырылады. Мысалы, академиялық ұтқырлық бойынша бағдарламаларды университеттің қаржыландыруы есебінен, басқа ЖОО және басқа да қаржыландыру көздері есебінен алу үшін жағдайлар қолжетімді.

Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жоғары оқу орындары арасындағы келісім негізінде Пушкин атындағы Ленинград МУ (РФ), Қазан федералдық университеті (РФ), Сакария университеті (Түркия) университеттерімен байланыс жасалды.

Ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Нархоз университеті, Алматы технологиялық университеттерімен байланыс жасалды.

Соңғы 3 жылда кафедрамыздың білім алушылары ББ бойынша 13 студент және 1 магистрант сыртқы (халықаралық) ұтқырлықпен шетелдік ЖОО-да оқыса, 9 студент ішкі ұтқырлық аясында отандық ЖОО-да білім алды. Кафедра даярлайтын ББ-на қазақстандық ЖОО-нан 8 студент келіп білім алды.

2020-2021 оқу жылдарында сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында РФ Пушкин атындағы Ленинград МУ 5В050800 — Есеп және аудит ББ-нан 2 студент, 5В050900 — Қаржы ББ-нан 5 студенттің білім алуы ұйымдастырылса, 2021-2022 оқу жылдарында сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында РФ Қазан федералды университетіне 6В04103 — Есеп және аудит ББ-нан 2 студент және 7М04106 — Маркетинг ББ-ның 1 магистранты, 6В04103 — Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ-нан 3 студенттің Түркиядағы Сакария университетінде білім алуы ұйымдастырылды. 2022-2023 оқу жылында тек ішкі академиялық ұтқырлық бойынша Нархоз университеті мен Алматы технологиялық университетінде 6 студент білім алып қайтты.

Сондай-ақ аталған оқу жылдарында ПОҚ-да Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетімен академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында дәріс сабақтарын өткізді.

Алдағы оқу жылдарында бұл көрсеткіштерді бұдан да жақсы деңгейде көрсетеміз деген ойдамын.

**— Мамандыққа кәсіби даярлаудың бас көрсеткіші өндірістен сұраныс. Бітірушілер қаншалықты сұранысқа ие?**

— Өңіріміздегі кәсіпорындардың сұранысына орай мамандар даярлау мақсатында кәсіби біліктілігі жағынан талаптарға сай мамандар әзірлеу үшін жаңа стандарттар мен бағдарламалар жасау, оқу үдерісіне инновациялық сипаттағы жаңа пәндерді енгізу, ақпараттық технологияларды пайдалану аясын кеңейтуді жақсарту, сондай-ақ мамандар дайындау жүйесін әртараптандырудың маңызы зор болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда кафедрамызда экономиканың тетіктері мен тәсілдерін терең меңгерген жоғары білімді мамандар шығару жөнінде жауапты, әрі жан-жақты игілікті істер атқарылуда. Ұжымдағы әрбір тұлғаның үлкен жауапкершілікті сезініп, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, сапалы маман дайындауда бүкіл қызметіміздің осы бағытта құрылуы заңды құбылыс деп есептеймін.

Түлектердің кәсіби деңгейін жұмыс берушілермен кері байланыс орнату арқылы қадағалап отырамыз, әсіресе өндірістік тәжірибеден өту процесінде айқын көрінеді. Бұл жерде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға ат салысатын іскерлік қарым-қатынастағы кәсіпорындарды айта кеткен жөн, олардың қатарында аймағымыздағы алдыңғы қатарлы ірі кәсіпорындар бар. Атап айтқанда, «СНПС Ақтөбе мұнай газ» АҚ, «First Heartland Jusan Bank» АҚ, «БЦК» АҚ АФ, «Forte Банк» АҚ АФ6 «Береке банк» АҚ АФ, Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті және т.б.

Мамандарды таңдауда аймақтағы сұраныстар, студенттердің өндірістік тәжірибеден өткен кәсіпорындары және кейіннен олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері ескеріледі. Пайыздық мөлшермен айтқанда, ағымдағы жылы 70% — Есеп және аудит ББ , 76% — Қаржы ББ , 80% — Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ бойынша бакалавр түлектері жұмысқа орналасқан. Бұл көрсеткіш — біздің түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі зор екендігінің бір дәлелі. Кафедра түлектері өздерін өңіріміздің экономикасының түрлі салаларында: бухгалтерлік есеп, қаржы мамандары, бизнесмендер және мемлекеттік қызметкерлер ретінде табысты қызмет етуде.

**— Бір кезде өзіңіз де өмірлік кәсіп таңдау алдында толқып тұрдыңыз. Бұл күнде ғылыми-педагогикалық бағытта танылған экономист мамансыз. Ойда екінші таңдауда қай мамандық тұрған еді. Есіңізде ме?**

— Өмірде мамандықтың түрі көп. Мамандықты дұрыс таңдай білген адам сол мамандықтың қыры мен сырын меңгеріп, шыңына жете білу керек. Мамандық жай күнелту, ақша табу ғана емес. Әр адам өз мамандығынан рухани күш алып, еңбектің рахатын көруі керек. Кез келген мамандық адамнан шеберлікті, қажымас қайратты, еңбектенуді, үлкен жауапкершілікті керек етеді. Өз басым мамандық таңдаудан қателеспедім деп ойлаймын. Расында ең бірінші мамандық таңдауда «экономист боламын», «банкте жұмыс жасаймын» деген оймен келгенім рас. Кейін студент кезде жатақханада көп жағдайда аспиранттар, ғылым жолында жүрген аға-апаларымыздың ортасында жүргенім де әсер еткен секілді. Бүгінде ойлап отырсам, ғылым жолына, ұстаздыққа кездейсоқ келген жоқ екенмін. Ол кісілердің жүрген жолы маған өте таныс болды, кейін өзім де ғылым жолына, ұстаздық жолға бет бұрдым. Әсіресе ғылым жолында әл-Фараби атындағы ҚазҰУде мықты ұстаздардан білім, тәрбие алдым, шыңдалдым. Оның ішінде э.ғ.д, академик Ө.Шеденовтың мектебінен өту мен үшін үлкен мәртебе болды. Осындай ұстаздар көрсеткен ұлы жолдың көшімен ЖОО-да ұстаздық ету бұйырды.

Ал, енді мамандықтың ішінде екінші таңдау қай салаға түсер еді деп ойласам, әрине ол өнер саласы деп ойлаймын. Өйткені өнер жаныма өте жақын болды, қазіргі таңда ол – сүйікті хоббиім (ісім).

**— Кафедрада есімі жұртшылыққа мәлім ардагер-ұстаздардың орнын толтыратын қандай мықты жас оқытушылар бар?**

— Білім беру саласындағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде өзіндік үлес қосқан ардагер ұстаздарымыз баршылық. Еңбек демалысында болса да қазіргі таңда еңбек етіп жүрген э.ғ.д., профессор Х.Кусаинов, э.ғ.к., профессор Жунусов Б.А., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мүсіров Ғ.М. айтуға болады. Жалпы факультетіміздің іргетасын қалауда үлкен үлес қосқан ғалымдарымыз профессор Байжомартов Ү.С., Мамбетов У.Е., Жунусов Б. А., Ювица Н.Ю., Түсіпбекова Р. С., Князова Г. Ж., Дүйсенбаева К.Т., Кусаинов Х.Х. және т.б. Бұл ардагер ұстаздарымыз саналы өмірлерін ғылым мен білімнің дамуына арнаған, осы салалардың өркендеуіне елеулі үлес қосты, өшпес өзіндік із қалдырды. Осындай ғалымдарымыз өз шәкірттеріне тәлімгер бола отырып, бүгінде көптеген түлектері ғылыми-педагогикалық қызметте өз орындарын тауып, нәтижелерге жетті. Мұндай ардагер ұстаздарымыздан білім алған шәкірттері кафедрамыздың 65%-ын құрайды. Оның ішінде ғылым жолында нәтижеге жеткен э.ғ.к. Жакупова Б.А., э.ғ.к., Нұрманов А.О., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Иманбаева З.Ө, Ph.D., қауымдастырылған профессор Саимова М.Д.

☑ Faculties

**Special pages**
**Арнайы беттер**

# ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

# ЗАМАН ТЫНЫСЫНА ЛАЙЫҚ – ЕҢ ТИІМДІ МАМАНДЫҚ



**Орнай Жарасханова Экономика және құқық факультетінде “Мемлекеттік және жергілікті басқару” мамандығын игеріп жатыр. Биыл 4 курста оқиды. Университетте білім ала жүріп, ғылыммен белсенді шұғылданатын студенттің бұл салада жетістігі көп. Ең маңызды жетістігі деп Орнай Ресейдің Орынбор мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткен ХІІ Халықаралық студенттер ғылыми олимпиадасында “Өңірдің еңбек нарығы және еңбек әлеуеті: жаңа трендтер” бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жобалары байқауындағы алған 1-орынды, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ХІV Республикалық студенттік пәндік олимпиадасындағы 3-орынды, Өскемен қаласында «INN Science Asia» ғылыми білім беру орталығы ұйымдастырған «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша ЖОО студенттері арасында өткізілген IV Республикалық қашықтық олимпиадасындағы 2-орынды, Астана қаласында ҚР Тұңғыш Президенті кітапханасының ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстан: Әділетті қоғам» семинар-тренингіндегі үздік жобалық жұмысы үшін алған Алғыс хатын санайды Орнай Жарасханова сонымен қатар ана тілінен өзге орыс және ағылшын тілдерін меңгерген заман тынысына бейімді жас. Сұрақтарға жауаптары нық, нақты.**

**Әңгімелескен**
**Гүлнара Дауылбайқызы**

**— Орнай, оқып жатқан мамандығыңызға ұйымдастырушылық талант, бастамашылық және коммуникабельділік дағдылары қажет екенін білемін. Бұл дағдылар бойыңызда қаншалықты қалыптасқан?**

— Университет қабырғасында білім алу барысында өз бойымдағы коммуникабельділік дағдысын өте жақсы дамытып, белсенді студенттердің бірі атандым. Әр түрлі конференцияларға, олимпиадаларға, жобаларға қатысу барысында көптеген адамдармен таныстым, олармен ой бөлісіп, бұрын білмеген ақпараттарды игердім. Ұйымдастырушылық талант пен бастамашылдық қабілет туралы айтар болсам, талант мен үшін бір адамға туа біте даритын қасиет секілді көрінді. Бірақ, қазіргі уақытта адам шын ниетімен қаласа, оның ала алмайтын белесі жоқ екеніне көзім жетті. Болашақ мемлекеттік қызметкер ретінде де, күнделікті өмірде осы атап өткен дағдыларды бойымда шыңдай түсу өте маңызды деп ойлаймын және сол бағытта алдағы уақытта көп еңбектенетін боламын.

**— Осыған дейін колледж аяқтапсыз, бітірген мамандығыңыз “Туризм менеджері” деген заманға лайық кәсіп түрі екен, университеттен соң осы бағытта еңбек етесіз бе?**

— Жоғары оқу орнына осы мамандыққа түсуімнің негізгі себептерінің бірі — осы. Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы мен тәмамдаған туризм менеджері кәсібіне классификациясы келетін мамандықтардың бірі болып табылады. Әрине, болашақты болжау өте қиын, бірақ сәтін салса университетті сәтті аяқтап, туризм менеджері және мемлекеттік жергілікті басқару мамандықтарын ұштастырып, Ақтөбе облысы әкімдігіне жұмысқа тұру жоспарымда бар. Болашақта өңіріміздің тек туризм жағынан емес, сонымен қатар әр қырынан көркейтетін жоғары білікті, кәсіби мамандар қатарынан табылатыныма сенімдімін.

**— Студенттік өмірдің қай қыры сіз үшін қызықты өтуде?**

— Қазір 4 курс студенті болғандықтан студенттік өмірімнің дәл осы кезі өте қызық әрі мәнді өтіп жатқанын айта аламын. 1 курсқа түскенде әрине, іштей қорқыныш болды, себебі жаңа орта, жаңа адамдар. Тобымдағы студенттермен тез тіл табыса білдім, ортақ қызығушылықтарымыздың мол екені бірден аңғарылды. Сабақ уақытында топтық тапсырмаларды көп орындаймыз, әрбір сабақты қызықты етіп өткізуге тырысамыз. Сабақтан тыс уақытта университет ұйымдастыратын әр түрлі жобаларға қатысып, жаңа ортаға бейімделеміз.

**— Бірге білім алып жатқан құрбы-құрдастарыңыздың арасында өзіңіз үлгі тұтатындары бар ма?**

— Иә, ондай құрбы-құрдастарым көп деп айта аламын. Солардың бірі ретінде өз тобымның студенті Ханиев Аманжолды атап өткім келеді. Аманжол «Заман біздікі» ИЭО президенті, университет өміріне өте белсенді қатысатын білім алушылардың бірі. Өзінің сөйлеу мәнерімен, өзін-өзі ұстай алу қабілетімен ерекшеленеді. Сонымен қатар оқуда озат студент болғаны үшін Аманжолды үлгі тұтарлық жан деп білемін.

**— Егер сізден оқып жатқан мамандығыңызға қызығушылық тудыратын жарнама жасауға өтініш түссе қалай қызықтырар едіңіз?**

— Менің ойымша, мемлекеттік қызмет жауапкершілікті, ұстамдылықты, адалдықты қажет ететін өте беделді мамандықтардың бірі. Сонымен қатар, халыққа қызмет ету үлкен төзімді қажет етеді. Саналы түрде осы мамандыққа түскен білім алушылар, оқу барысында жоғарыда аталған барлық қасиеттерді өз бойына дарыту мүмкіндіктеріне ие болады. Қазіргі уақытта елімізге жоғары білікті, кәсіби мамандар өте қажет. Сол себепті мемлекеттік қызметкерлерге де қойылатын талаптар күшеюде, сонымен қатар мемлекеттік қызметкердің жылдан-жылға мәртебесі де жоғарылап келеді. Болашақта тек мемлекеттік қызметте емес, сонымен қатар жеке бизнесте, ұлттық компанияларда қызмет еткісі келетін адамдар үшін ең тиімді мамандық деп ойлаймын.

**Арнайы беттерді дайындаған**
**Г.Қараша**

☑ University Veterans



**Zhubanov University Кәсіподақ төрайымы Ольга Сұлтанғалиеваның айтуынша қазір еңбек демалысында 300 зейнеткер бар. "Бұл зейнет жасында жүріп, еңбек етуін жалғастырып жатқандардан бөлек, біз оларды ылғи назарымызда ұстап, мерекелерде құттықтап, әлеуметтік-рухани қолдап отырамыз", — дейді Ольга Қашымқызы. Кәсіподақ ұйымы өкілдері жақында университет ардагері Ақния Бижанованы 75 жасқа толуымен құттықтап барды. Ақния Байзаққызының құрметті демалысқа шыққанына 13 жыл толыпты. Ұстаздың жоғары білім беру ісіне сіңірген еңбегі жайлы естелігін есіне алған әріптесінің құттықтауы.**

# ЖАНЫМЫЗДАҒЫ ЖАҚСЫ ЖАН

Өмір жолында кездескен жақсы жандар — ырыс-берекеңнің жартысы. Олай болатын себебі: жақсы жандар аппақ, адал ниетімен сенің ойыңды жақсылықтың жібек жібімен жалғайды, жылы сөздерімен жаныңды семіртеді, көтерген бастамаңның игілігіне көздері жетсе, жан-тәнімен беріле қолдайды, сол жолдағы қиындығыңды жеңілдетуге, жақсылығыңды еселеуге сеп болады. Осылайша өміріңнің белгілі бір белесінде сенімен иық тіресе отырып, жақсы істерді бірге атқарып, көңіліңе жақсылықтың дәнін сеуіп, оның гүлденуіне ықпал етеді. Бүгінгі күн биігінен қарап тұрып жақсы жандарды жолықтырған тағдырға шүкірлік етесің. Осындай жақсы жанның бірі де берегейі, асыл ұстаз, ардақты да адал әріптес, кішіге қамқор болудың, үлкенге ізет көрсетудің нағыз үлгісі — Ақния Байзаққызы Бижанова!

Ақния Байзаққызымен жақын таныстығымыз 2000 жылдан басталды. Сол жылы орыс топтарында оқылатын Қазақ тілі пәнін жүргізетін профессор-оқытушыларды бөлек кафедра етіп бөліп шығарды. Мен, жас та болсам, сол кафедраның меңгерушісі ретінде тағайындалдым.

Кафедра құрамында өзіме педагогикалық институт қабырғасында орыс тілі пәнінен сабақ берген, марқұм София Өксікбайқызы, талай жыл кафедра басқарған, марқұм Зоя Төлегенқызы, ардагер ұстаз Әлпеш Әбдіқадырқызы, Несібелі Тұрғалиқызы және өзге де әріптестеріміз болды. Олар жас кафедраның тәй-тәй басқан қадамының нығаюына, бойын тез тіктеуіне елеулі үлес қосты. Солардың бел ортасында Ақния Байзаққызы өзінің ең үздік идеяларымен және оны жоғары деңгейде жүзеге асыруымен үнемі ерекшеленетін. Кафедра профессор-оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін онан әрі арттыру, ғылыми-әдістемелік, теориялық деңгейін жетілдіре түсу мақсатында оқытудың жаңа технологияларын сипаттаған кітаптарды оқып талқылап, соның нәтижесінде әр оқытушының өзі таңдаған оқыту технологиясын 1 семестр бойы оқу үдерісіне енгізу тәжірибесі қолға алынды. Сол істе Ақния Байзаққызы өз тәжірибесіне оқытудың жобалау технологиясын енгізді. Экономика факультетінің орыс тобының студенттерімен «Ақтөбе қаласындағы көше атаулары тарихынан» тақырыбында жобалау технологиясымен сабақ жүргізді. Ұзақ мерзімді жобалау технологиясымен жүргізілген сабақтарда орыс тобының студенттері мұрағат пен мұражайдағы мәліметтерді жинақтап, олардың орыс тіліндегісін қазақ тіліне аударып, қазақ тіліндегісін түсініп, зерделеп, сол материалдар негізінде таныстырымдар өткізіп, іскерлік ойын түріндегі ашық сабақтар көрсетіп, тынымсыз еңбек етті. Еңбек далаға кетпеді, ақталды. Білгір ұстаз ұйымдастырған жобалау технологиясымен жүргізілген сабақтар студенттердің қазақша сөз сөйлеуін толық қалыптастырды, жетілдірді. Ал кафедра ұжымының ғылыми-әдістемелік, ғылыми-теориялық әлеуетін арттыруға мол септігін тигізді. Соның қорытындысы «Қазақ тілі сабақтарында оқытудың инновациялық технологияларын қолдану» тақырыбындағы университет деңгейінде ұйымдастырылған семинарда ортаға салынып, өзге әріптестермен тәжірибе алмастық. Алғашқы семинар қатысушылар тарапынан түрліше қабылданды. Қорытындыда сөз алған әріптестердің бірі мақтаса, енді бірі практикалық тұрғыдан да, теориялық тұрғыдан да сын айтты. Бірақ кафедра ұжымы өз алған бетінен қайтпадық, мақтауды да, сынды да бір кісідей көтердік. Бірлігіміз арта түсті. Оның себебі — тағы да өз кәсібін бағалайтын, өз ісіне адал, жанындағы әріптестерін ортақ іске жұмылдыруда жігерлендіріп жүретін Ақния Байзақовадай әріптестеріміздің болуы.

Ақния Байзаққызы — дос бола білудің де жарқын үлгісін көрсетті. Марқұм София Өксікбайқызымен адал достығының куәсі болдық. Олар қатарласып, әңгімелері жарасып, бірін-бірі сәл көрмесе сағынысып табысатынын көргенде, көңіл жылылыққа толып қалатын. Кафедраға бірге енгенде жастардың жанарында қуаныш ұялайтын. Олар шынайы достықтың үлгісі болған жандарды шын ниетпен құрметтеді, әлі де құрметтей бермек. Сол күндерде студент болған, қазір еліміздің түкпір-түкпірінде халыққа қызмет етіп жүрген жандардың Ақния Байзаққызына, аяулы ұстазына білдірген ыстық ықыласының да куәсі болып жүрміз.

Ақния Байзаққызы мықты маман болудың, құрметті әріптес болудың, адал достықтың үлгісін ғана көрсетіп қойған жоқ, ол анасын аялай білудің де нағыз үлгісін танытты. Анасына деген ыстық ықыласы мен жұмыс барысында анасына асығатын сәтінің талай куәсі болдық.

Бүгінде 75 жастың биігіне көтерілген Ақния Байзаққызын әріптестері атынан шын жүректен құттықтаймын! Денііңізге саулық, ет жақындарыңызға амандық тілейміз!

**Құрметпен,**
**Күлзат САДИРОВА,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор, «Жоғары оқу орны үздік оқытушысы-2012» грантының, «Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгісінің иегері**

## ☑ Student life

**Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң 2005 жылдың 13 сәуірінде қабылданған.**

**Бұл Заң Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайды.**

**Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді.**

**Осы Заңның 2-тарауының 6-бабы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы құзыретіне сүйене отырып, қазақстандық ЖОО-ларда мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқып жүрген мүгедектерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиялар тағайындау мен төлеудің тәртібін бекітеді.**

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 26 маусымында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңға қол қойды. Мемлекет басшысы болашақтың кілті, елдің ертеңі — білімді жастардың қолында екенін әрдайым назарда ұстап келеді. Мемлекеттің әрі қарай дамуы, өсіп-өркендеуінде тәрбиелі, білімді ұрпақтың үлесі жоғары. Сондықтан жастардың сапалы білім алуы, мамандықты дұрыс таңдауы және қоғамнан өз орнын табуы еліміздің болашағы үшін өзекті мәселе.**

**Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде 90-нан астам мүгедектік санатындағы жастар білім алуда. "Олардың келешек кәсібін толыққанды игерулері, мәдени-рухани дамуы, тұлғалық қабілеттерін ашуына өзге білім алушылармен тең құқылы жағдай жасалған және бұл санаттағы жастардың әр бастамасын қолдаймыз", — дейді Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Мұханбетқалиев Есбол Есенбайұлы.**

**Zhubanov University "Қазақ филологиясы" мамандығының 2 курс студенті Әділхан Рахметоланың бала жастан мүгедектігі бар, бірақ мақсатшыл жас алдағы мұратына жетуде еш кедергі көріп тұрған жоқ. Өзін елінің шынайы патриоты деп есептейді. Ұлтымды, тілімді сүйемін, өркендеуіне үлес қосамын деген сүйкімді жастан жігер алған журналист Гүлнара Қараша.**




# УНИВЕРСИТЕТТІ ҚАТТЫ САҒЫНДЫМ

**— Әділхан, жаңа оқу жылы басталды. Көңіл-күйіңіз қалай? Жазғы демалыс жақсы өтті ме?**

— Көңіл-күйім өте керемет! Жазғы демалысым жақсы өтті. Бірақ ұзақ болған сияқты. Университетті қатты сағындым.

**— Ұстаздарыңыз өлең жазады деп мақтанышпен айтып жүр. Қандай тақырыптар толғандырады, шабыттандырады?**

— Жалпы кез-келген тақырыпқа жаза беремін, бірақ көбіне мен ұлтым жайлы, ана тілім жайлы және махаббат жайлы өлеңдер жазғанды жақсы көремін.

**— Жаныңызға ең жақын бір өлеңіңізді тыңдасақ. Оқып бересіз бе?**

— Бабаларымыз қорғаған
қанымен,
Соғысқа аттанған жанымен,
Қазақ тілінің абыройы өте биік,
Қазақтың тілі дегеніміз
Бозы мерген.
Менің тілім, сенің тілің —
қазақ тілі!
Бар қазақтың сүйіспеншілігі,
асыл пірі.
Салт атты батырлардан
әрі бастап,
Жеңісіміз дәл бүгінгі заманға
жеткендігі.
Ең басты міндетіміз тілді білу,
Тілді білу, арғымаққа
жайдақ міну.
Туған тілім, ана тілім,
дана тілім,
Қасиетіңнен айналайын
Дара тілім!

**— Ақтөбедегі әдемі, еңселі білім ордасы №10 жалпы білім беретін мектепті бітірген екенсіз. Онда қазақ тілі мен әдебиеті бағытында әдістемелік бірлестік жұмыс істейді. Сондықтан әдебиетке құмар болуыңызға мектеп қабырғасында алған тәлім-тәрбие себепші болуы керек деп ойладым. Академиялық жоғары білім игеру үшін филология саласын қалауыңызға да осы фактор әсер еткен болар?**

— Иә, әрине. Мен филология саласын өте жақсы көремін. Менің өлеңдерімді газет бетіне жариялауға қолдау білдіріп, шабытыма қанат бітірген, мектеп қабырғасында қазақ тілі және әдебиет пәнінен сабақ берген ұстазым — Құландиева Бибінұр апайым. Филологтың қазақ тіліне жан дүниесі жақын келеді. Ұлтымды сүйемін. Қазақпын. Қазақ тілінің мәртебесін қазақ көтермесе, кім көтереді?! Мамандық таңдағанда бірінші орында соны ойладым.

**— Қай ақын-жазушыны құрмет тұтасыз?**

— Мен үлгі тұтатын ақын-жазушылар өте көп, бәрін құрметтеймін, соның ішінде сүйсініп оқитыным: Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаев.

**— Цифрландыру заманында кітапқұмар жас көрсек қуанатын жағдайға жеттік. Өзіңіз кітапты қалай оқисыз, электронды түрін бе әлде кітапханаға барып аласыз ба?**

— Кітап оқу ол ең керемет сезім. Кітап оқысаңыз, кітаптың ішінде жүрген секілді сезінесіз, оқиға желісі тура көз алдымда өтіп жатқандай әсерде боламын. Мен кітапты кітапханадан алып оқимын, кейде кітап дүкенінен сатып аламын.

**— Бакалавр дәрежесін алған соң білім алуымды жалғастырамын дедіңіз, өз салаңызда ма, әлде басқа бағытқа бұрыласыз ба?**

— Өз салам бойынша әрмен қарай білімімді жалғастыруға ниетім бар. Қазақ тілін біраз сатыға көтеруге үлесімді қоссам деймін. Барша қазақстандық қазақ тілінде сөйлесе деп армандаймын. Ол кездің куәсі болу мен үшін үлкен бақыт!

**— Ондай күннің туу әр қазақ қазақша білім алғанда мүмкін болады деген ой-пікіріңізбен келісемін. Орта білімді айтқан боларсыз. Дұрыс. Сонымен қатар бірнеше шетел тілін меңгерген де жақсы ғой. Заман талабына сай.**

— Әлбетте, ойыңызды толықтай қолдаймын. Мен қазір ағылшын тілін үйреніп жүрмін.

**— Болашақ педагогика маманы ретінде сұрақ қояйын. Жақсы мұғалім бейнесін қалай суреттер едіңіз?**

— Жақсы мұғалімнің бейнесін жүзі ашық, жарқын, эмоциялық тұрақты, аудиториямен коммуникациялық қарым-қатынас жасай алу қабілеті жоғары, терең білімді маман ретінде көремін.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ КҮНІН АТАП ӨТУ

Zhubanov University Тоғызқұмалақ күнін атап өтті. Дөңгелек үстел басына жиналғандар тоғызқұмалақ ойынының кешесі, бүгіні, ертеңі туралы пікір алмасты.

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық интеллектуалдық ойыны. Қазақ халқының ұлы ғұламалары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев тоғызқұмалақ ойынын ерекше мадақтаған, әсіресе Абай бұл ойынды сүйсініп ойнаған екен. Ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі болған тоғызқұмалақ ерекше маңызға ие, бұл ұлттық ойынның тарихы терең. Өйткені тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған, танымал ойын түрі.

Жиында университет ректоры, Ақтөбе облысы тоғызқұмалақ федерациясының президенті Лаура Қарабасова тоғызқұмалақ ойыны секілді ұлттық құндылығымызды әркез дәріптеу керек деп, Ақтөбе облыстық тоғызқұмалақ қауымдастығы республикалық көрсеткіштер бойынша үздіктер қатарында екенін атап өтті.

Бүгінде Zhubanov University бұқаралық спорт түрлерін дамыту жөнінде кешенді шаралар қабылдап, жүйелі жұмыс жүргізуде. Соның бір нәтижесі зияткерлік ойын, логикалық ойлауды дамытатын өнерді насихаттау мақсатында «Бақтыбай батыр Төлесұлы атындағы зияткерлік ойындар кабинеті» ашылды. Білім ордасы тоғызқұмалақ бойынша облыстық федерациямен бірлесіп облыстық және республикалық турнирлер өткізеді.

Пікір алаңына тоғызқұмалақтан Ақтөбе облысы бойынша бас бапкер Бауыржан Төлегенов, тоғызқұмалақтан Ақтөбе облысы бойынша жастар жаттықтырушысы Нұрбек Кабиев, спорт ардагерлері, мектеп мұғалімдері қатысты.

Басқосуда 9 қыркүйекті Тоғызқұмалақ күні ретінде атап өту ұсынылды, жиналғандар бұл ұсынысты қолдады. Сондай-ақ ұлттық ойынды әрі қарай дамыту, мектепке пән ретінде енгізу мәселелері талқыланды. Алдағы уақытта тоғызқұмалақтан үш күндік оқыту семинарын өткізу жоспарланды.

Тоғызқұмалақтан Ақтөбе облысы бойынша бас бапкер Бауыржан Төлегенов «Тоғызқұмалақ ойыны — халқымыздың зияткерлік құндылығы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар дөңгелек үстелге қатысушылар тоғызқұмалақ ойынының тарихына шолу жасалған бейнероликті тамашалады.

Тоғызқұмалақ ойыны Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдан бері қарқынды насихаттала бастады. Бұл ретте облыстық тоғызқұмалақ федерациясының ықпалы зор.




## ПРАЗДНОВАНИЕ ДНЯ ТОГЫЗКУМАЛАК

В Zhubanov University отметили День интеллектуальной национальной игры тогызкумалак. Собравшиеся за круглым столом обменялись мнениями о прошлом, настоящем и будущем игры «Тогызкумалак».

Тогызкумалак – казахская национальная интеллектуальная игра. Великие учёные казахского народа Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Кунанбаев особо популяризировали игру тогызкумалак, хорошие способности в игре показывал Абай.

Эта игра является одним из драгоценных достояний, оставленных нашими предками. Она имеет глубокую историю. Ведь тогызкумалак был самой распространенной и популярной игрой в казахской степи в прошлые века.

На встрече ректор университета, президент Актюбинской областной федерации по тогызкумалаку Лаура Карабасова отметила, что мы всегда должны прославлять наши национальные ценности, в том числе игру тогызкумалак, и поделилась тем, что Актюбинская областная ассоциация тогызкумалак входит в число лучших по республиканским показателям.

Сегодня Zhubanov University проводит комплексные мероприятия по развитию массового спорта и ведет системную работу в этом направлении. Здесь в целях популяризации интеллектуальных игр и искусства, развивающих логическое мышление, открылся Кабинет интеллектуальных игр имени Бахтыбай Батыра Толесулы. Учебное заведение также проводит областные и республиканские турниры совместно с областной федерацией.

Во встрече приняли участие главный тренер по тогызкумалаку Актюбинской области Бауржан Толегенов, тренер молодежи по тогызкумалаку Актюбинской области Нурбек Кабиев, ветераны спорта, учителя школ.

На круглом столе было предложено отметить 9 сентября как День тогызкумалак. Собравшиеся поддержали это предложение. Обсуждались также вопросы дальнейшего развития национальной игры, введения ее в качестве школьного предмета. В ближайшее время планируется провести трехдневный обучающий семинар по тогызкумалаку.

Бауржан Толегенов, главный тренер по тогызкумалаку Актюбинской области, выступил с содержательным докладом на тему «Игра Тогызкумалак – интеллектуальная ценность нашего народа». Кроме того, участники круглого стола посмотрели видеоролик с обзором истории игры.

Игра тогызкумалак интенсивно пропагандируется с обретением независимости Казахстана. При этом большое влияние имеет областная федерация Тогызкумалак.

## CELEBRATION OF TOGYZKUMALAK DAY

Zhubanov University celebrated the Day of the National Intellectual Game Togyzkumalak. Those gathered at the round table exchanged views on the past, present and future of the Togyzkumalak game.

Togyzkumalak is a Kazakh national intellectual game. The great scientists of the Kazakh people Sh. Ualikhanov, Y. Altynsarin, A. Kunanbaev especially popularized the game togyzkumalak, Abai showed good abilities in the game.

This game is one of the precious treasures left by our ancestors. It has a deep history. After all, togyzkumalak was the most widespread and popular game in the Kazakh steppe in past centuries.

At the meeting, the rector of the university, president of the Aktobe regional togyzkumalak federation Laura Karabasova noted that we should always glorify our national values, including the game of togyzkumalak, and shared that the Aktobe regional togyzkumalak association is among the best in republican indicators.

Today, Zhubanov University carries out comprehensive measures to develop mass sports and conducts systematic work in this direction. Here, in order to popularize intellectual games and art that develop logical thinking, the Intellectual Games Cabinet named after Bakhtybai Batyr Tolesuly was opened. The educational institution also holds regional and republican tournaments together with the regional federation.

The meeting was attended by the chief togyzkumalak coach of the Aktobe region Baurzhan Tolegenov, the youth togyzkumalak coach of the Aktobe region Nurbek Kabiev, sports veterans, and school teachers.

At the round table it was proposed to celebrate September 9 as Togyzkumalak Day. Those present supported this proposal. Issues of further development of the national game and its introduction as a school subject were also discussed. In the near future, it is planned to hold a three-day training seminar on togyzkumalak.

Baurzhan Tolegenov, head coach of togyzkumalak of the Aktobe region, made a substantive report on the topic “The game of Togyzkumalak is the intellectual value of our people.” In addition, the roundtable participants watched a video reviewing the history of the game.

The game togyzkumalak has been intensively promoted since Kazakhstan gained independence. At the same time, the Togyzkumalak regional federation has great influence.

Басты жаңалықтар Главные новости Main news



## ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДЫҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ БЕКІТІЛДІ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысында ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарын айқындау мәселесі қаралды, — делінген Үкімет баспасөз қызметінің хабарламасында.

Отырысты ашқан Үкімет басшысы күні кеше ғана Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы 2023 жылға арналған Жаһандық инновациялық индексті жарияланғанын атап өтті. Ол ғылымға, білім беру жүйесіне және инфрақұрылымға қатысты 80-ге жуық көрсеткішті қамтиды.

«Қазақстан Үндістан мен Ираннан кейін Орталық және Оңтүстік Азия аймағы бойынша үздік 3 инновациялық экономиканың қатарына енді. Цифрлық даму, Ғылым және жоғары білім министрліктері еліміздің халықаралық аренадағы позицияларын жақсарту үшін ғалымдарға қажетті жағдай жасау және инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын жалғастыруы керек», — деді Әлихан Смайылов.

Ведомство басшысы Саясат Нұрбек халықаралық тәжірибені, атап айтқанда, Еуропалық Одақ елдері, Канада, Австралия, Малайзия, Испания және басқа да мемлекеттерді, сондай-ақ Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында және басқа да бағдарламалық құжаттарда белгіленген стратегиялық міндеттерді ескере отырып, алдағы жылдарға арналған ғылымды дамытудың алты басым бағыты әзірленгенін айтты. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты жеке қарастырылатын болады.

Бұл тізімге «Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану», «Энергия, озық материалдар және көлік», «Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар», «Елдің зияткерлік әлеуеті», «Өмір және денсаулық туралы ғылым» және «Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту» бағыттары енді. Өз кезегінде, бағыттардың әрқайсысы 8-ден 18-ге дейінгі бөліктерден тұрады. Жалпы, белгіленген басымдықтар шеңберінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, топырақ сапасын сақтау, энергетикалық қауіпсіздікті (соның ішінде жылу энергиясын) қамтамасыз ету, парниктік газдар шығарындыларын азайту және жаңартылатын көздерді дамыту мәселелеріне назар аударылады.

Сонымен қатар құрылыс, машина жасау, өнеркәсіп, көлік технологиялары, робототехника, жасанды интеллект, жаңа материалдар жасау, телекоммуникация, медицина, фармацевтика, мал шаруашылығы, егіншілік, ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын өңдеу және сақтау, тамақ өнімдерін өндіру және т.б. салаларында зерттеулерді қолдау жоспарланып отыр. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер де қарастырылған.

Талқылау және дауыс беру нәтижелері бойынша Жоғары ғылыми-техникалық комиссия аталған тәсілдерді мақұлдады.

Сонымен қатар жиында 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттар бойынша қаржыландыру көлемін бөлу және ғылыми-техникалық міндеттерді жүзеге асыру мәселелері қаралды.

Өз сөзінде «Біздің міндетіміз — жан-жақты және сапалы білім беруді қамтамасыз ету және келесі басымдықтар — инфрақұрылым және цифрландыру. Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 626 мың студент оқиды, сондықтан жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын дамытуға және цифрландыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Жыл сайын жаңа ғимараттар, жатақханалар салынуда. Осы мақсатта өңірлерде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары да ашылуда.

Бұл жоғары білімнің сапасын арттырып қана қоймай, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттарды ескере отырып, қолданыстағы оқыту жүйесін өзгерту үшін қажет. Тағы бір стратегиялық маңызды міндет — Қазақстан ғалымдарының қауымдастығын кеңейту бойынша жұмыс жасау. Жас ғылыми қоғамдастық үшін мәдени компонент құру қажет, бұл үшін оларға күшті мотивация қажет. Мәселен, 2023-2025 жылдары тек ғылым мен грантты қаржыландыруға, бағдарламалық-нысаналы, тікелей гранттарға шамамен 650 млрд теңге бөлінді», — деп атап өтті ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

## ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАУКИ НА 2024-2026 ГОДЫ УТВЕРЖДЕНЫ В КАЗАХСТАНЕ

Вопрос определения приоритетных направлений развития науки на 2024-2026 годы рассмотрен на заседании Высшей научно-технической комиссии под председательством Премьер-Министра РК Алихана Смаилова. Об этом говорится в сообщении пресс-службы правительства.

Открывая заседание глава Правительства отметил, что накануне вышел релиз Глобального индекса инноваций-2023, формируемый Всемирной организацией интеллектуальной собственности (WIPO). Он охватывает около 80 показателей, в том числе касающихся науки, системы образования и инфраструктуры.

«Казахстан вошел в ТОП-3 инновационных экономик региона «Центральная и Южная Азия» после Индии и Ирана. Министерствам цифрового развития, науки и высшего образования следует продол-



## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

жать работу по созданию необходимых условий для ученых и развитию инфраструктуры, чтобы наши позиции на мировой арене улучшались», — сказал Алихан Смаилов.

Глава МНВО Саясат Нурбек сообщил, что с учетом международного опыта, в частности, стран Евросоюза, Канады, Австралии, Малайзии, Испании и других стран, а также стратегических задач, обозначенных Главой государства в Послании народу и других программных документах, выработано шесть приоритетных направлений развития науки на ближайшие годы. Отдельно будет выделено направление по вопросам обеспечения национальной безопасности.

Данный список выглядит следующим образом: «Экология, окружающая среда и рациональное природопользование», «Энергия, передовые материалы и транспорт», «Передовое производство, цифровые и космические технологии», «Интеллектуальный потенциал страны», «Наука о жизни и здоровье» и «Устойчивое развитие агропромышленного комплекса». В свою очередь, каждое из направлений содержит от 8 до 18 подразделов.

В целом в рамках обозначенных приоритетов будет уделено внимание вопросам рационального использования водных ресурсов, сохранения качества почв, обеспечения энергетической безопасности (включая теплоэнергетику), снижения выбросов парниковых газов и развития возобновляемых источников.

Наряду с этим планируется поддерживать исследования в сферах строительства, машиностроения, промышленности, транспортных технологий, робототехники, искусственного интеллекта, создания новых материалов, телекоммуникаций, медицины, фармацевтики, животноводства,



земледелия, переработки и хранения сельхозпродукции и сырья, производства пищевых продуктов и т.д. Предусматриваются также фундаментальные и прикладные исследования в области естественных наук.

По итогам обсуждения и голосования Высшая научно-техническая комиссия одобрила данные подходы.

Кроме того, на заседании рассмотрены вопросы распределения объемов финансирования по приоритетным направлениям на 2024-2026 годы и реализации научно-технических заданий.

«Наше обязательство – обеспечение всеохватного и справедливого качественного образования, следующие приоритеты – инфраструктура и цифровизация. Сейчас в наших университетах обучается 626 тысяч студентов, поэтому особое внимание уделяется развитию инфраструктуры и цифровизации вузов. Ежегодно строятся новые корпуса, общежития. В этих целях открываются и филиалы зарубежных вузов в регионах. Это нужно для того, чтобы повысить не только качество высшего образования, но и изменить действующую систему обучения с учетом передовых международных стандартов. Еще одна стратегически важная задача – работать над расширением сообщества ученых Казахстана. Необходимо создать культурную составляющую для молодого научного сообщества, для этого им нужна сильная мотивация. Так, на 2023-2025 годы выделено порядка 650 млрд тенге только на финансирование науки, грантовое финансирование, программно-целевые, прямые гранты», — подчеркнул Саясат Нурбек в своей речи.

## PRIORITY DIRECTIONS OF SCIENCE DEVELOPMENT FOR 2024-2026 APPROVED IN KAZAKHSTAN

The issue of determining priority directions of science development for 2024-2026 was considered at the meeting of the Higher Scientific and Technical Commission under the chairmanship of Prime Minister of the Republic of Kazakhstan Alikhan Smailov. This is stated in a statement from the government press service.

The Head of Government opened the meeting and noted that the previous day the release of the Global Innovation Index-2023, formed by the World Intellectual Property Organization (WIPO). It covers about 80 indicators, including those related to science, education system and infrastructure.

«Kazakhstan has entered the top 3 innovative economies of the region «Central and South Asia» after India and Iran. The Ministries of Digital Development, Science and Higher Education should continue to work on creating the necessary conditions for scientists and developing infrastructure so that our position on the world stage improves,» Alikhan Smailov said.

Head of the Ministry of Science and Education Sayassat Nurbek said that taking into account international experience, in particular, the EU, Canada, Australia, Malaysia, Spain and other countries, as well as the strategic objectives outlined by the Head of State in his Address to the Nation and other program documents, six priority directions of science development for the coming years have been worked out. A separate direction on the issues of national security will be singled out.

This list is as follows: «Ecology, Environment and Nature Management», «Energy, Advanced Materials and Transportation», «Advanced Production, Digital and Space Technologies», «Intellectual Potential of the Country», «Life and Health Science» and «Sustainable Development of the Agro-Industrial Complex». In turn, each of the directions contains from 8 to 18 subsections.

In general, within the framework of the identified priorities, attention will be paid to the rational use of water resources, preservation of soil quality, ensuring energy security (including heat energy), reduction of greenhouse gas emissions and development of renewable sources.

At the same time, it is planned to support research in the spheres of construction, mechanical engineering, industry, transportation technologies, robotics, artificial intelligence, creation of new materials, telecommunications, medicine, pharmaceuticals, animal husbandry, farming, processing and storage of agricultural products and raw materials, food production, etc. Fundamental and applied research in the field of natural sciences is also envisaged.

According to the results of discussion and voting, the Higher Scientific and Technical Commission approved these approaches. In addition, the meeting considered the distribution of funding for priority directions for 2024-2026 and the implementation of scientific and technical tasks.

“Our commitment is to ensure inclusive and equitable quality education, the next priorities are infrastructure and digitalization. Currently, there are 626 thousand students studying at our universities, so special attention is paid to the development of infrastructure and digitalization of universities. New buildings and dormitories are built every year. For these purposes, branches of foreign universities are opening in the regions. This is necessary in order to improve not only the quality of higher education, but also to change the current education system considering advanced international standards. Another strategically important task is to work to expand the community of scientists in Kazakhstan. It is necessary to create a cultural component for the young scientific community; for this they need strong motivation. Thus, for 2023-2025, about 650 billion tenge have been allocated only for funding science, grant funding, program-targeted, direct grants,” — said Sayasat Nurbek.

**Басты жаңалықтарды дайындаған Айерке Сұлтанбекова**

☑ Lecture by the Minister

# МИНИСТР ДӘРІС ОҚЫДЫ



**ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде жоғары білімді дамытуға арналған дәріс оқыды. Дәрісті университет ректоры Лаура Қарабасова бастаған университет ұжымы және студенттер тыңдады.**

Ведомство басшысы еліміздің аймақтарын аралап, жоғары оқу орындарының ұжымдарымен кездесудегі негізгі мақсат — өңірлердегі университеттердің потенциалын кеңейту мәселесін талқылау екенін атап өтті.

— Өткен жылдан бастап Ғылым және жоғары білім министрлігі осындай қоғамдық лекцияларды өткізе бастады. Яғни, әр өңірге өзім арнайы барып, ұжыммен, студенттермен кездесіп, университеттердегі проблемаларды өз көзіммен көріп, оның шешілуіне атсалысатын боламын, — деді Саясат Нұрбек.

Министр өз сөзінде алдағы уақытта өңірлік университеттердің қолдау аясын кеңейтіп, ғылыми мүмкіндіктерін дамыту мәселесін де қозғады.

— Біздің басым бағытымыз өңірлік университеттерге көшеді. Мен өткен үш айдың ішінде барлығын зерттеп білдім, орталықтардағы үлкен университеттердің инфроқұрылымы жақсы. Ал, өңірлердегі жоғары оқу орындар министрліктің назарынан тыс қалып отыр. Сондықтан, өңірлерге қандай өзгерістер енгізу керек дегенге дайындалуымыз керек, — деді министр.

Сондай-ақ, Саясат Нұрбекұлы жоғары оқу орындарында маман даярлау ерекшеліктері жөніндегі ойларымен бөлісіп, жаңа мамандықтарды оқыту сапасына да тоқталды.

Министрдің дәрісінде сонымен бірге шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын ашу, қазіргі заманда сұранысқа ие мамандықтар мен технологиялар, заманауи студенттерге қажет дағдылар, университеттерде цифрландыру жүйесін дамыту, ғылымды ынталандыру, жаңа мамандықтар атласын құру секілді, тағы басқа жоғары білім саласындағы мәселелерге басымдық берілді.

Жиында министрге оқытушылар мен студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды.

**Жадыра Әрен**




**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Нұрша Биданова

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

**E-mail:** **gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: http://zhubanov.edu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**